

Сайын Мұратбеков

Жусан иісі

1

Алыста қалған балалық шағым... Ойымнан: жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүйрете жүгіретін, шілбиген ақсақ қара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсам-ақ: шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, ес қалмай далбақтап жүгіріп келе жатқан Аянды көргендей болам. Сондайда оның алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен: «Ей, тоқтаңдаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деген жалынышты үнін естимін.

Әуелде біз, балалар, оның ертегі айтатынын білгіміз жоқ. Ол әжесі екеуі біздің ауылға қырық екінші жылдың жазында көшіп келген. Мал дегеннен, тек бұзаулы қоңыр сиыры бар еді. Аяның әкесі майданға аттанып, туған анасы содан екі ай бұрын қайтыс болыпты. Біздің ауылда әжесінің жамағайын төркіндері бар екен, соларды сағалап келсе керек. ...Біз, балалар, көшеде екіге жарылып ап, қағазға топырақ орап, бұрқылдата лақтырып, атысып ойнап жүргенбіз. Ары өтіп, бері өткен кемпір-шал: «Желкең қиылғырлар-ай, соғыс аздай, бұл атысып ойнады дегенді қадай шағарды осылар, басқа ойын аз ба-ей!..» – деп ұрсып-ұрсып қуып тастайды. Бірақ олыр кетісімен қайта жиналамыз. Қайта атысамыз. Желсіз тымырсық күнде бұрқылдаған май топырақ тұманша қалқып, шаңытып тұрып алады. Жуық арада сейіле қоймайды. Соның арасында тұншыға жүріп, көзіміз ғана жылтырап, бір-бірімізге «уралап» ұмтыламыз. Ойынның осындай бір қызу шағында біздің «атаман» – Садық кілт тоқтай қап:

– Әй, анау кім-ей? – деген.

Бәріміз сол нұсқаған жаққа қарадық. Анадай жерде: шолақ жең ақ жейде, тізеден жоғары қысқа қара шалбар киген, кекіл шашы бар, мұнтаздай

таза бір бала тұр екен. Біз қараған кезде ол өзінше әлдеқандай боп кейкиіп, екі қолын қалтасына сап шіреніп қойды. Ойынды тастай сала бәріміз бірдей топырлап жүгіріп әлгінің қасына келдік. Адам көрмегендей бір-бірімізді кимелеп, қоршалай тұра қалдық. Үстіміздегі киімнің кімдікі қара, кімдікі ақ 1екенін біліп болмайды, баттасқан шаң-топырақ. Шетімізден ит талағандай алым-жұлым, алқа-салқамыз. «Бұл кім-ей? Қайдан келген-ей?» – деп бірімізді біріміз түртпектей береміз. Өзіне бастан-аяқ шұқшия қарап шықтық. Ол да сынағандай әрқайсымызды бір-бір шолып өтті. Біздің ұсқынсыз түрімізге көңілі толмаған сияқты, шолақ танауын тыржитып қойды. Қоңырқай жүзі тершіп, маңдайындағы біркелкі етіп қиылған кекіл шашын үрлеп тұрды. Кекіліміз жоқ бізге оның сол қылығының өзі кереметтей сүйкімді көрініп, қызыға қарадық.

– Кекілін қара-ей, өзінің, жаман әліне қарамай, – деп қағытып өтті

Есікбай. Біз күлкіміз келмесе де оның сөзіне қошамет білдіріп сықылықтай күлдік. Жаңа келген бала қызараңдап теріс айналып кетті.

– Ә... Мен білдім, – деді Садық мақтана дауыстап. Онан соң әлгі баланың алдын орай өтіп: – Ей, бала, сендер кеше көшіп келдіңдер ғой, ә? Қоңыр сиырларың бар ғой, ә? – деді.

– Иә, – деді томсырайып тұрған бала оның сөзіне күлімсіреп. –

Қоңыр сиырымыз бар.

– Атың кім?

– Аян.

Біз, бәріміз, тегіс ұмытып қалмайық дегендей: «Аян, Аян»... – деп күбірлесе қайталап қойдық.

– Жүр, жолдас боламыз, – деді Садық оның аппақ білегінен қап-қара қолымен ұстай алып. Аян оның қолына қарады да қызараңдап тұрып, ақырындап білегін босатты.

– Сендер жақ ыстық екен. Суға түспей қалай шыдайсыңдар? – деді.

– Түсеміз. Анау арада тоспа бар. Жүр, түсейік. Суы во!.. – деп Садық

ауылдың жоғарғы жағындағы шұңқыр-тоспаны жерге сыйғызбай мақтай жөнелді.

Аян бізге қосылып солай қарай жүрді. Ауылға жаңа баланың келуі біз үшін нағыз мереке болатын. Әрқайсымыз оның көзіне түсіп қалуға тырысушы едік. Сондықтан бірімізден-біріміз артық көрінбек боп, әй кеп мақтанатынбыз.

– Мен судың астында алпысқа дейін санап жата аламын, – деп бөсті Садық.

– Менің де мынадай ақ көйлегім бар. Үлкен сандықта жатыр, апам кигізбейді, – деді көп үндемейтін Қосым тырнауық та.

2Қосым төбелескенде ылғи баж етіп кеп бетті тырнайтын, сондықтан оны тырнауық дейтінбіз, өзінен көп балалар қорқатын. Оған тек Есікбай ғана тік келуші еді. Қазір де ол:

– Ой, кетші ары, тырнауық мысық. Сенің үйіңде алтын барын да білеміз, – деп ентелеп келе жатқан Қосымды көкірегінен итеріп жіберді.

Есікбай – сйдаң бойлы, қол-аяғы қара қайыстай қатқан ұзын, жүгіргенде алдына жан салмайтын, өзі төбелесқор, сотқар бала еді. Кейде қараптан-қарап келе жатып әркімге бір ұрынатын жаман әдеті бар. Өлі жеткенді аяқтан шалып қап, болмаса басынан тоқай алып жылатып жіберетін.

Қазір де ол Аяның алдында қыр көрсеткісі кеп:

- Тырнағының қайсы – ей, мысық? – деп, Қосымды аяғынан шалып қалды. Қосым жалп етіп ұшып түсті де, терісі сыдырылған тізесін ұстаған күйі, көзі жасаурап қайта тұрды. Біраз жүргеннен кейін Есікбай оның басынан түйе тоқай ала бастады. Жылап жіберген Қосым тырнамақ боп ызақорлана ұмтылған, Есікбай оны ұзын қолымен тұмсықтата салып жіберді. Қосымның мұрнынан қан дірдектеп, бақырып үйіне кетті.

Сол күні біз суға түсіп, күнге қақталып, кешке дейін тоспа басында ойнадық. Аян бұрыннан таныс адамдай етене боп кетті.

Ол өте ақ көңіл, ақылды бала екен. Адамды іш тартып тұратын жайдары жүзі, не десең де тез көне кететін жұмсақ мінезі бізді бірден үйіріп әкетті. Ең жақсы қасиеті – ешкіммен төбелсіп, сөзге келмейтіндігі еді. Бір-екі рет кейбір шатаққұмар балалар тиісіп ие көрген өзіне. Аян үндеместен қабағын түйіп, ондайлардан сырт айналып кетіп жүрді. Өзінің жауап қайыра алмағанына налығандай боп:

– Менің көкем де жоқ, апам да жоқ, сондықтан төбелесем әжем ұрсады ғой, – деп қойды ол.

Алыс-жұлыс ойын үстінде күрескенімізде ол біразымызды жығып кетті. Тек Есікбайдан ғана жығылды.

Алғашқы күннен бастап Аянмен етене жақын дос болуды әркім-ақ ойлай бастаған. Бірақ ол ешкімге ерекше ықылас білдірген жоқ. Бірімізден-бірімізді бөліп жарған жоқ. Бәрімізбен де жақсы жолдас болды.

Үш-төрт күн өткен соң, әбден үйренісіп алғаннан кейін ұрынарға қара таппай жүретін Есікбай басқа балаларға істейтін қылығын Аянға да істеді.

Онымен төбелескісі келіп, өзінен-өзі жөнсіз тиісе бастады. Аян оған жасқаншақтай қарап:

3– Қойсаңшы енді, – деп күңкілдеген сайын, Есікбай ыржақтап кеп, қайта-қайта оның басынан тоқай алып, аяғынан шалып, мазасын кетірді.

Ыза болған Аян ақырында:

– Төбелесесің бе? – деген. Есікбай оны мазақтай түсіп:

– Сенімен бе, қойшы-ей! – деп кеп, сілекейін Аянның бетіне жаға салды. Мұнан әрі шыдау мүмкін емес еді.

– Мен бұл көшенің ортасында төбелеспеймін. Жүр анау сайға. Ел көрмейтін жерге барып төбелесейік, – деді Аян.

– Қойшы-ей, мынау дәй ғой-ей, – деп Есікбай сілекейін Аянға тағы жақты. – Жүр, ал Есікбай көкеңнің жұдырығын иіскегің кеп тұрса.

Ол енді Аянды итермелей түсіп, сайға қарай жүгірді. Екеуінің төбелесін көру үшін біз де ердік. Сайға түскен соң Аян жейдесін шешіп,

шеткі бұтаның басына ілді де, бірден Есікбаймен алыса кетті. Есікбайдың бойы анағұрлым биік еді. Екеуі шартпа-шұрт белдескен кезде, ол Аянды белінен қапсыра қысып, қайқайтып бойымен басты.

Бірақ қанша күшенгенімен жығуға шамасы келмеді. Дереу бір қолымен Аянды кекілінен шап ете қап, шалқасынан гүрс еткізді. Жығып ап Аянның бет-аузына былшылдатып соға бастады. Аян тырс етіп үн шығармастан, астында жатып құр қол-аяғын ербеңдете береді. Тек бір кезде Есікбай: – Ой-бай!.. – деп баж ете түсті де, бір жағына қарай бұраңдап жығыла берді. Аян оның қолын бұрап жіберген екен. Енді Аян күш алды. Ол аузы қан-қан болып атып тұрып, Есікбайды алқымынан бүре түсіп, жер сүздіріп тұқырта берді. Өздері апыр-топыр қылған қара топыраққа Есікбайдың бет-аузын бір-екі рет көміп-көміп жіберген.

– Ойбай, болды, болды... – деп айқай салды Есікбай. Аян оның басынан аттап тұрып кетті.

Ұшып тұрған Есікбай тағы да тап берген. Аян оны белдесуге жібермей екі қолынан ұстай алды да, жата беріс тастап ың еткізді. Бірақ үстінен басып соққан жоқ. Қатты жығылған Есікбай біразға дейін тұра алмай ыңқылдап жатты. Аян болса бұлаққа барып бет-аузының қанын жуып, ақ жейдесін киіп түк білмеген, түк көрмегендей үйіне қайтты.

Осы төбелестен кейін-ақ Аянға ешкім тиіспейтін болды.

Күзде оқу басталып, жеті менен он жастың аралығындағы өңшең бірөңкей балалар бірінші класқа бардық. Бізді Иманжанов деген шашы аппақ құдай, қолы-басы тоңған адамша дірілдей қалшылдап, көзі қып-қызыл боп жасаурап отыратын қарт кісі оқытты. Бұл кісі – денсаулығының 4нашарлауы себепті қаладан көшіп келген мұғалім екен. Бізге күн сайын үйінен әкелген қағазды бір-бір парақтан үлестіріп беріп, әріптерді үйрете бастады.

Аян екеуміз бір партаға отырғанбыз. Бірінші күннен-ақ ол зеректігімен көзге түсті. Мұғалімнің тақтаға жазған әріптерін айна-қатесіз қағазға

түсіріп, тез жаттап алып жүрді. Тіпті келе-келе күніне бір-екі әріптен ғана өткенімізге көңілі толмай:

– Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен. Шіркін, ағама хат жазар едім, – деп күңкілдейтін.

Әрине, майдандағы әке-ағамызға хат жазу бәріміздің де көкейіміздегі асыл арманымыз еді. Сонымызды сезгендей Иманжанов та бізге тезірек хат танытуға бар күшін салып бақты. Сөйтіп, бас-аяғы бірер айдың ішінде әріптерді тегіс жаттап, бірлі-жарым сөздерді құрап, жаза алатындай халге жеттік. Ал Аян болса кәдімгідей: «Аса жаннан артық көретін аға...» деп бастап, хат жазатын болды. Ендігі оның қуанышында шек жоқ еді. Күнде сабақтан кейін үйіне келісімен төр алдына етбетінен түсіп, сиялы қарындашты тілімен жалап қойып, бет-аузын сия-сия ғып ағасына хатты үсті-үстіне жазатын да жататын. Күніне екі-үш хаттан жазады. Кейде әжесінің айтқанын жазса, кейде өз бетінше жаза беретін.

Біз, басқа балалар әлі де сөйлем құрап жаза алмайтынбыз. Сондықтан Аянға кеп:

– Хат жазуды үйретші, – деп жата жабысатынбыз.

Аян білденбейтін. Жымың-жымың етіп күлетін де:

– Мә, мына менің хатымды көшіріп жаз, тек менің ағамның орнына өз ағаңның атын жаз, – деп қоятын.

Сөйте-сөйте хат жазуды бәріміз де үйрендік. Енді біздің ауылдан күніне майданға сөзі де, мазмұны да, кейде тіпті кісі аттары бірдей жиырма-отыз хаттан кетіп жататын болды.

Дәл біздің хат тануымызды күтіп жүргендей-ақ екі айдан кейін

Иманжанов қатты науқастанып, төсек тартып жатып қалды. Бір қол, бір аяғынан паралич болған. Басқа мұғалім келмеді. Осылайша біздің оқуымыз да келер жылға дейін тоқтаған еді.

Бірде Аян өрістен мал қайырып келе жатып үйретемін деп, өзінің қасқа бұзауына секіріп мінген. Семіз бұзау мөңкіп-мөңкіп жығып кетті. Сол жолы

Аянның тобығы тайып бір айдай үйінде ауырып жатты. Осыдан кейін-ақ  
5Аянның тобығы тайғыш болып алды. Қит етіп алысса, иә секірсе тобығы  
тайып кететін де, Аян:

– Ойбай, ойбай, аяғым-ай... аяғым-ай... – деп жанұшыра бақырып жата  
қалатын.

Бірте-бірте ол алысып-жұлысып ойнайтын ойындарға араласпай,  
шеттеп, бар қызыққа тек анадайдан сырттай қызыға қарап тұратын болды.

Тобығы үшінші рет тайғанда, ол үйінде бұрынғыдан да ұзағырақ  
жатты.

Бұл кезде қыс түсіп қар жауған. Біз болсақ сырғанақтың қызығына  
кіріскенбіз.

2

Біздің ауыл Ешкіөлмес деген кішкене қоңыр таудың дәл етегінде еді.

Ұзыннан-ұзақ бір көше боп жоғарыдан төмен қарай созылып жататын.

Қыста осы жалғыз көшенің басынан-аяғына дейін балалар жуылдаса

топырлай жүріп қарды таптап, сырғанақ жасайтынбыз. Қар қалың

түскенімен таулы жердің күні өте жайма-шуақ, жылы болады. Тапталған қар

күні бойы жентектеліп еріп, кешке қарай көк мұз боп қатып қалатын. Дәл

сол кезде үй-үйден шанасы барлары шанасын сүйретіп, конькиі барлары

аяғына конькиін байлап, бала атаулы тегіс көшеге шығатын. Қас пен көздің

арасында ұзын көше бастан-аяқ қыбырлаған балаға толып кетуші еді. У-шу

боп, біреулері төмен қарай оқша зулап шанасының табанынан от жарқылдап

бара жатқанда, енді бір шұбалған топ шаналарын сүйретіп жоғарыға өрлеп

бара жататын...

Бүгін де сырғанақтағы ойынның сондай бір қызған шағы еді. Күннің

көзі қанталағандай боп ерекше қызарып ұясына қонуға таянған. Сірескен ақ

қардың бетінде бір сәтке жұқалаң қызғылт кілегей тұрды. Күні бойы

Ешкіөлместің күнгеінде жайылған мал ешкім қайырмаса да бір ізбен

шұбырып ауылға қайтқан. Кенет бүкіл ауылды шулыға шыққан ащы

дауыстар селт еткізді. Төбе құйқаны шымырлатып жоқтау айтқан дауыстар.

Аяның үйінен шығып жатыр. Мұндайда балалар еліккіш келеді ғой.

Сырғанақты тастай бере дәл бірдеңеден құр қалатындай бәріміз бірдей дүрліге дүркіресіп, Аяның үйіне қарай лап қойдық. Артымыз жетпей жатып, алдымыз не боп қалғанын естіп те үлгердік. «Аяның әжесі өліп бқапты», – деген сыбырды алқына тұрып сүйінші сұрағандай бірімізге-біріміз жеткіздік.

Жарғақ сары тон киген Аян, күлімдеп тұратын қара көзі шарасынан шыға жаутандап, өңі боп-боз есігінің алдында тұр екен. Үйінде көрші-қолаң әйелдер бір-бірімен шуылдаса көрісіп, азан-қазан боп жатқанмен ол көзіне жас алмапты. Біз өзара сөйлескеніміз болмаса, оған үн қатқамыз жоқ. Аян да бізді үнсіз қарсы алды. Сүйреткен шанамызға, конькиімізге көз салды.

Тоңғаннан ба, танауын жиі-жиі тартып, дір-дір етеді.

Күн ұясына еніп бара жатыр. Аян болса сол мелшиген күйде жалтақ-жалтақ етіп, ауылдың әр тұсынан «әжетайлап» дауыс қойып келе жатқан үлкен адамдарға қарайды. Бірақ олардың бірі де бұған назар аударар емес. Біз болсақ, енді қайтер екен деп қызықтағандай одан көз айырмастан ортаға ап, қоршалай тұрмыз. Өзара сыбырласқан боп, оған да естірте: «Әжесі өлгенге неге жыламайды-ей?» – деп қоямыз. Аян естісе де, естімеген адамша міз бақпайды. Тек әлдебір уақытта, бас жоқ, аяқ жоқ:

– Ертегі тыңдайсыңдар ма деді? – деді. Онан соң біздің жауабымызды күтпестен өзі бастап үйдің бұрышын айналды. – Жүріңдер, үйдің сыртына отырайық.

Біз оның соңынан ердік. Үйдің сырт жағына кеп шаналарымызды қаз қатар тіздік те, өзіміз жайғаса отырып, енді не дер екен, дегендей Аяның аузына қарадық. Ол со тұнжыраған қалпында бәріміздің жүзімізді бір сүзіп өтті де:

– Күлкілісін айтайын ба? – деді.

Біз үн-түнсіз бас изестік. Аян тонының омырауына тұмсығын тығып

сәл күрсініп қойды да, ойға шомған күйде сыбырлағандай дауыспен:

– Ертеде бір жетім бала бопты... – деп ертегісін бастады.

Сол күні оның ертегісі түннің жарымында бір-ақ аяқталды. Өуелде түнжыраған күймен жабырқау басталса да, келе-келе ертегінің күлкілі оқиғасы көбейіп, Аян да бауырын жазып, бәріміз көңілді күлкіге батып қарық боп қалды. Тіпті Аяанның әжесінің өлгенін де ұмытып кетіппіз.

Сықылықтап күліп мәз-мейрам боп:

– Ей, тағы да айтшы.

– Тағы да айтшы... – деп жан-жақтан шулап қоя бердік.

– Жоқ, ертең айтамын, бүгінге осымен бітті, – деді ол салмақты үнмен. Басын көтеріп аспанға қарады. – Е, жұлдыздың нуы жиі екен, ертең күн ашық болады, – деп қойды үлкен кісіше.

7Бәріміз жапа-тармағай аспанға қарадық. Шынында да жұлдыздар жайшылықтағыдан әлдеқайда көп еді. Баттиып-баттиып, балқыған қорғасынша сорғалап ағып түсердей боп жарқырайды.

Біз Аяанның ертеңгі күннің ашық болатынын жұлдызға қарап айтқанына іштей сүйсіне таңырқасып қойдық. Менің қасымда отырған Садық:

– Қалай біледі-ей! – деп, таңырқауын жасыра алмады.

Енді біреу менің құлағыма сыбырлап:

– «Нуы» деген не-ей? – деп сұрады.

– Білмеймін, – дедім мен де.

Бірақ бұл сөздің мағынасын сұрап алуға батпадық.

Ертеңіне Аяанның әжесі жерленді. Жұрт ат қойып зираттан қайтқанда, Аян әжесінің қабірінің басында елдің ең соңынан шошайып жалғыз қалды.

Ол бұл күні де жылаған жоқ. Қарлы топырақ араласқан жас қабірге жаутаңдап біраз қарап тұрды да, бір уыс топырақты іліп ап: «Топырағың жеңіл болсын, әже!» деп шашып жіберді. Онан соң қып-қызыл боп тоңған екі қолын аузымен кезек-кезек үрлеп қойып, ауылға қайтты.

Сол күні Аян әжесінің тумаласы Бапай деген шалдың үйіне көшті. Біз көшеде сырғанақ тебуге кіріскенбіз. Дәл осы кезде, азын-аулақ көрпе-жастық тиелген шананы Бапай айдап, Аян өзі қоңыр сиырын бұйдасынан жетелеп көшенің басындағы шалдың үйіне көшіп бара жатты. Қоңыр сиыр үйренген қорасынан шыққысы келмей тартыншақтай бастаған, біз бір топ бала шуылдаса қаумалап артынан айдадық. Қоңыр сиыр көзі шарасынан шыға шатынап, танауын пысылдатып басын шайқап-шайқап, Аянды сүзіп жіберердей боп алға қарай оқтана жүрді. Бірақ сүзген жоқ, жүріп келе жатқан бойда Аяның қаудырлаған сары тонының етегінен иіскеді де, тұмсығын созып, ыңырана мөңіреді. Аян ақсаңдаған күйде бізге бұрыла қарап:

– Жануар, бәрін біледі... – деді.

Аяның сиырын Бапай шалдың үйіне дейін айдасып барғаннан кейін біз сырғанаққа оралып, ойынға қайта кірістік. Сәлден соң Аян да сырғанақ басына келді. Өзінің шанасы жоқ, сондықтан елдің шана тепкенін қызықтап қарап тұрды. Бірде менің көк тақтайлы шанамды нұсқап:

– Менің де шанам дәл осындай еді, көшкенде ана жақта қалды, – деп қойды.

Мен оның жаудырап қарап тұрғанына шыдай алмай:

8– Мә, Аян, сен бір жол теуіп кел, – деп шанамды бердім. Қуанғанынан ол езуін жия алмай ыржия күліп кеп шанаға отырды да:

– Ал кім менімен жарысады! – деп айқайлап еңіске қарай зулата жөнелді.

Менен кейін оған шанасын Садық берді, онан кейін Есікбай берді, қысқасы Аян бәріміздің шанамызды бір-бір реттен теуіп шықты. Ол қып-қызыл боп қара терге түсе ентігіп, алабұртып, елден ерекше даурыға сөйлеп, сақылдап күлумен болды.

Ымырт сәулесі ыдырап қараңғылық үйіріле бастаған кезде, басынан тұмағын алып желпіне тоқтаған Аян:

– Жүріңдер, бүгін мен кешегіден де қызық ертегі айтамын, – деді.

Біз опыр-топыр болып шуласып, Аяның бастауымен Бапай шалдың үйінің іргесіне келдік. Аяңды ортаға алып, енді жайғасып отыра бергенімізде, есік ашылып, сыртқа Бапайдың кемпірі шықты да:

– Үйібай бетім-ай, бұ дүбірлеген не десем, мыналар екен ғой. Аулақ жүріңдер әрі, өй өңшең топырлаған немелер! Онысы несі-ай, тап терезенің түбіне кеп үймелегендері! – деп қуып жіберді.

Енді қайттік, дегендей көшеде аңтарылып тұрғанымызда Садық:

– Мен таптым қай жерге отыруға болатынын, – деді. Бәріміз соған қарай қалдық.

– Анау ат қораның төбесіне шығайық та, шөпке белуардан кіріп-ап отырайық...

Біз санымызды шапақтап уралап, ауылдың шетіндегі ат қораға қарай жүгірдік. Арт жағы аласа тас қораның үстіне тырмыса-тырмыса шығып алдық та, сол күні ғана Қараойдан әкелінген көк жауқазын шөпті үңгіп-үңгіп жіберіп, отыра-отыра кеттік. Құрғақ шөптің танауды жарған хош иісі мас қылғандай тұла бойды шымырлатады. Шетімізден пысқырынып, мұндай рахат дүние тапқанымызға мәз-мейрам боп, бірімізді-біріміз итеріп қап шөпке аунатып, сықылықтай күлісіп, жұмсақ шөпке тығыла түсеміз.

Бәріміз алқа-қотан жайғасқаннан кейін ортамыздағы Аян тісінің арасынан сызылта шырт дегізіп түкіріп қойып, көтеріле түсіп, астына шөп жұмарлап, басқамыздан орнын биіктеу ғып отырды. Онан соң қабағын шытып, ойға батқан күйде төмендегі үңірейе қарауытып жатқан терең құзға көз жіберді. Біз де еріксіз енді солай қарай жалтақтадық. Құз іші қорқынышты.

– Ертеде бір жетім бала бопты... – деп Аян екінші ертегісін бастады.

9Сыбырлай шыққан даусында өз айтқанына қалайда қалтқысыз сендіретіндей керемет бір күш бар. Біз тым-тырыс боп тына қалдық. Бір сәтке дәл астымыздан – қораның ішінен жылқылардың күтір-күтір шөп жеп

тұрғаны, пысқырғаны, тарпығандары, қасынғандары естілді. Бірақ біртіндеп Аяанның ертегісі қызған сайын, әлгі дыбыстардың бәрі құлақтан шет қалып, төңіректі – бүкіл Ешкіөлмес баурайын, төмендегі терең құзды ғажайып бір тыныштық басты. Бұл дүние – ертегі қиял дүниесіне, сиқырлы дүниеге айналып, біз өзіміздің бар-жоғымызды да ұмытқандай болдық.

Сол күннен бастап күнде кешкісін ат қораның төбесіне жиналуды әдетке айналдырдық. Екінші күні тағы да әлгі Садық бір пәлені шығарған: үйінен алақандай газет жыртындысы мен темекі ұрлап алып кепті, әлгісін кәдімгідей ешкі сирақтандырып ұзын етіп орады да, қалтасының түбінен өзгер тапқан сіріңкенің жалғыз шиімін тұтатып, сонысын насаттана сорып қойып отырып, ертегі тыңдады.

– Ей , әкеші бір сорайын, – деді ақыры Садықтың жанында отырған Қосым шыдай алмай. Садық шылымын оған бір сорғызды. Қосым қомағайлана түтінді ішіне тартамын деп қақалып-жөтеліп тұншығып қала жаздады. Біз, бәріміз оны мазақтап, өзін біраз жерге апарып кеу-кеулеп алдық.

– О, маубас, тарта алмасың бар сұрап неғыласын-ей, – деп табаладық.

Онан Есікбай:

– Кәне, Садық, мен сорайыншы, – деді.

Садық шылымын оған да бір сорғызды. Есікбай қақалған жоқ, түтінді аузын толтыра сорып алды да, ақырындап танауынан бұрқ-бұрқ еткізіп шығара отырып, «міне, қалай тарту керек» дегендей мақтанып қойды. Онан кейін темекіні мен де сұрап бір сордым, менен кейін тағы біреу. Ақыры Садықтың ұзын темекісін барлығымыз бір-бір сорумен-ақ тауыстық. Келесі күні қораның төбесіне жиналғанымызда көпшілігіміз үйден қағаз бен темекі ұрлап алып шыққан екенбіз. Енді бір-бір шылым орап, темекіні жарыса тартатын болдық. Темекі тартып отырып тыңдағанда Аяанның ертегісі де әлдеқайда қызық сияқты көрінді. Бір күндері кейбіреулеріміздің үйіміз темекі ұрлап жүргенімізді біліп қойып, енді

аналарымыз темекіні қиындау жерге тығатын болды. Бірақ біз бұған да амал тауып кеттік.

– Осы анау, мақау Тұрдағұл ылғи, жылқының кепкен тезегін шылым ғып тартып жүреді ғой, – десіп, біз де енді, күндізден қалтамызға 10жылқының кепкен тезегін жинап салып жүрдік. Сөйтіп, Аяның ертегісін тыңдаған кезде, кейбіріміз ішіне жылқы тезегі салынған ешкі сирақ темекіні бұрқырата сорушы едік.

Ғажап ертегілер еді... Дүниедегі жақсылық атаулының бәр-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір адамға тән не бір асыл қасиеттің барлығы да сол Аяның ертегілерінде болушы еді. Аян батырлық туралы ертегі айтқанда, біз – алым-жұлым киінген қара борбай балалар бір сөтке жадау қалпымызды ұмытып, шетімізден: көк семсерді жарқ-жұрқ еткізіп, ат ойнақтатып жауға қарсы арыстанша шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді. Өмірімізде қос ауыз мылтықтан өзге ештеңені көрмесек те жарқ-жұрқ еткен көк семсер тұрғанда зеңбірек, пулемет дегендер айтар сөзге, көңілге олқы түсіп, ойыншық сияқты боп қалатын. Өйткені Аяның ертегілеріндегі батырлар сілтеген көк семсерге қызығып иланатынымыз сонша, оны қару біткеннің құдайы көретінбіз.

– Ух, шіркін, сондай семсерім боп мен де соғысқа барсам, фашистерді тура бауша қияр едім, – деп тістенетін Есікбай.

– Ал мен бар ғой тек бастарынан ғана шабар едім, – дейтін Садық арман еткендей даусын соза сөйлеп, құшырланып. – Көк семсерді жарқ-жұрқ еткізіп келе жатқанымда, алдымнан көкем шыға келсе... Ой, керемет болар еді-ау, ә?

Мұнан әрі соғысқа баруды, фашистерді қыруды, сөйтіп әке-ағаларымызды тауып алуды әрқайсымыз өзімізше сөз етіп, тәтті арманға шоматынбыз...

Өзі жетім болған соң ба, кім білсін, Аяның ертегілері көбіне жетім бала туралы болушы еді. Жетім баланың тағдырына байланысты үрейлі

ертегіні бастаған кезде, ауылдың шетіндегі сай-саланы, жыра-құзды тегіс: жалмауыз кемпірлер, жезтырнақтар, жалғыз көзді дәулер, дию-перілер жайлап кеткендей болушы еді.

Төңірек тегіс үрейге толатын. Құз жақтан соққан суық желдің ызыңы неше түрлі боп құбылып естілетін. Бірде сыңсып, бірде ұлығандай үн келетін құлаққа... Біз әр дыбысты қалт жіберместен үрпиісіп, біреу «а!» десе, «ойбай», «аттанға» бірдей салып тым-тырағай зытуға дайын отыратынбыз.

Ғажап ертегілер!.. Біз бір кештің өзінде ұзындығы екі қарыс «темекінің» екі-үшеуін тауысатынбыз. Ақыры қолымыз темекі орауға икемге келмей, тісіміз-тісімізге тимей сақылдап тоңатынбыз. Бірақ Аяның 11ертегісі таусылмай ешкім тырп етпеуші еді. Танауымызды қос-қосынан тартып қойып, шөп қуысына тығыла түсетінбіз.

Ертегі біткен кезде ғана «уһ» деп еркін тыныстап, құрыстап қалған бойымызды жазып, керіліп-созылып, жетім баланың бақытқа кенелгеніне шын жүректен қуанатынбыз...

Кей күні Аян сирек тістерін көрсете отырып, жымың-жымың күліп қойып көңілді, күлдіргі ертегілерді бастайтын. Ондайда біз қыстың сай-сүйектен өтіп дірдектеткен ызғарлы суығын ұмытып, ішекті түйнеген күлкіден қиқылдасып-шиқылдасып, көзіміз бен мұрнымыздан сорамыз бірдей ағып, әрқайсымыз әр жаққа ішімізді басып домалайтынбыз да қалатынбыз. Ол күнде біз бұ дүниеде соғыс дегеннің бар екенін, әрқайсымыздың әке-ағаларымыздың алыста – сонау батыста жауған оқтың астында жүргенін де естен шығаратынбыз.

– Аян, тағы да. Енді осылай тағы бір ертегі айтшы, – деп тұс-тұстан жалынатынбыз оған.

Бірақ Аян бір түнде бір ертегіден артық қалай жалынсаң да айтпайтын.

Орнынан тұрып, үстін қағып:

– Түн ортасы боп қалды ғой, жетер енді, – дейтін салмақтана сөйлеп, –

сендер қызықсындар, бір күннің ішінде екі ертегіні ойлап шығару оңай дейсіңдер ме?! – деп қоятын онан соң.

Біз ертегілердің бәрін Аяның өзі күнделікті ойлап шығаратынын білсек те, оған пәлендей мән бермеуші едік. Бар білетініміз: Аян күнде неше түрлі ертегілерді ойлап кеп, кешкілік бізге айтып беруі керек, ал біз ұйып отырып тыңдағанды ғана білеміз. Ертегі ойлап шығару оңай ма, қиын ба, ол жағында еш шаруамыз жоқ. Тіпті ол жағын сөз ете қалғанның өзінде де, «Аян ғой күн сайын бір ертегі ойлап шығарады, ендеше ертегі шығару қиын да емес шығар, тек басқамыз ертегіні қалай құрастырудың әдісін білмейтін болармыз», – деп түйетінбіз. Ал ол нендей әдіс, ол жағын қазбалап ойлай түсуге не өреміз жетпейтін де, не мойнымыз жар бермейтін. Таң атқаннан күн батқанша салп-сұлт етіп, көшенің аяғынан басына дейін шана сүйретіп сырғанақ ойнауды ғана білетінбіз. Кешкісін тесік пималарымыз бен сырма шарықтарымыз зілдей боп, шылқылдап су өткеніне қарамастан, ат қораның төбесіне тартатынбыз...

Алғашқы күндері күндізгі ойын кезінде Аянға шанамызды кезекке-кезек сырғанауға беріп жүрдік те, келе-келе шетімізден сараңси бастадық. Қызық ойынның үстінде шанаңды бір жолға болса да біреуге беріп қойып, 12өзің сырттай қарап тұрғанға тағатың жетпейтін. Сондықтан ендігі жерде Аянға шана күніне бір рет қана тиетін, онда да ойынның қызуы бәсеңсіген шақта барып біреуіміз:

– Мә, Аян, бір рет теуіп кел, – деп оны мүміркегеннен амалсыз бергендей болушы едік.

Аян да енді бұрынғысындай шанаға отырғанына қуана даурықпайтын. Қызараңдай күлімсіреп кеп шананы қолыңнан именшектеп алатын да, бір сырғанап кеп қолыңа беретін. Онан соң сары тонының омырауына тұмсығын тығып, суық сорған өңі көкпеңбек боп бозарып, біздің ойынымызға қарап шетте үнсіз состиатын да тұратын. Тек Бапайдың кемпірі:

– Әй, Аян, қайдасың?! Анау сиырды байла! Қаз-үйректі қама! Биені суғарып шөп сал! – деген кезде, бізге жалтақтай қарап үйге кететін, едәуір уақыттан кейін қайтып оралатын.

Оның асыға күтетін шағы – күннің ұясына қонуы. Күн ұясына қонды дегенше-ақ жүзі жадырап сала береді.

– Ал, жүріңдер, мен кешегіден де қызық ертегі айтамын, – деп еліктіре жөнеледі.

Кейде ертегі тыңдауға ол күндіз де шақыратын.

– Сырғанақ деген немене, тек киім тоздырып, шаршау, – деп менсінбегендей ернін шүйіріп қоятын. Ондай кезде оған «ағатай, мә, сырғанашы», – деп шанаңды кесе-көлденең тосып жалынсаң, пысқырып қарамайтындай көрінетін. Сонан кейін-ақ ойынның сәні кетуші еді. «Шынында да, ей, менің шарығымнан су өтіп кетті, жүріңдер, ат қораның төбесіне барайық», – десіп сетіней бастайтынбыз. Біздің бұл түрімізді көріп Аян сырғанақты онан әрмен жамандайтын. Онан біздің шаналарымызға қарап қойып:

– Мыналар шана ма?! – дейтін мұрнын тыжырайтып. – Шіркін, өзінің рулі бар, алдында шамы бар ылдига да, өрге де бірдей сырғанайтын шана болса.

– Ой, қойшы, ондай шана болушы ма еді?

– Болғанда қандай. Қобыланды батырдың Тайбурылындай ұшатын аттар бар ма? Бар. Ендеше ылди-өрге бірдей сырғанайтын рульді шана да бар...

Мұнан әрі Аянмен сөз таластыра алмайтынбыз. Кім білсін, мүмкін сондай шана бар да шығар.

13Өркім іштей: «Шіркін, Аян айтқандай ылди-өрге бірдей сырғанайтын рульді шанам болса», – деп қиялдайтын сияқты едік сол бір сәтте...

3

Қызық еді Аяның мінезі. Бірде, түн ортасында, дәл ұйқыға жатардың

алдында далаға шыққам. Көшеде сырғанақта біреу зулатып шана теуіп барады екен. Жым-жырт айлы түнде әлгі бір ғана шананың өзі гүрілдеп, жер көшіп келе жатқандай дүбір шығарады. Шыдай алмай, жүгіріп сырғанаққа бардым – міне қызық, шана теуіп жүрген – Аян екен. Ай жарығында анық көрінді: жүзі жайнаң қағып, екі иінінен алқына дем алады. Тонының екі етегі далпылдап шананы көшенің басына қарай сүйрете жүгірді. Мені көріп бұрылды да:

– Жүр, ойнайсың ба! – деп дауыстай сөйледі.

– Қойшы, түн жарымында есі дұрыс адам ойнай ма?

– Ойнағанда қандай. Түу, сен өзі мынадай айлы, жарық түнде шанамен сырғанаудың қандай керемет екенін білмейді екенсің ғой. Айлы түнде шанаға сиқырлы қанат бітеді... – деді де Аян жүгіре жөнелді. Сәлден кейін көшенің басына шығып ап тағы да жер көшкендей ғып бүкіл ауылды жаңғырықтыра гүрілдетіп шанамен төмен қарай жұлдыздай ақты. Дәл мен тұрған тұста кішкентай төмпешік бар болатын, зулап келген шана әлгі төмпешікке жеткенде есік пен төрдей жерге бір-ақ ырғыды да, табанынан от жарқ етіп өте шықты. Аян қолын көтеріп:

– Ур-ра! – деп айқайлады.

Маған шынында да ол теуіп жүрген шанаға сиқырлы қанат біткендей көрінді. Жүгіріп үйге келдім де қараңғы ауыз бөлмеден бос тұрған шелек, легенді даңғыр-дұңғыр еткізіп шаманды іздей бастадым.

– Үйбай, ұры ит кіріп кетті ме! – деп үйден апам шыққан. Менің шанама жармасқанымды көріп. – Сенбісің?! Нені қиратып жүрсің?! – деді таңырқап.

– Апа, шана тебем.

Апам шошып кетті.

– Тәйт әрі, осы жеті түнде шанасы не-ей, мынаның. Бірдеңе көрінер мынаған, елден ерекше, – деп ұрсып берді.

– Иә-ә... әне, Аян сырғанап жүр ғой.

14– Аян... О, желкең қиылсын сенің. Аян дейді ғой. Аян дейді... Таста әрі!.. – Апам шананы әрі түкпір бұрышқа қарай итеріп тастап, мені желкемнен бір түйді. – Жат төсегіңе! Ертең де күн бар.

Мен сүмірейіп кеп, төр алдына атаммен қатарласа салынған төсегіме жаттым. Көпке дейін ұйықтай алмадым. Көшенің басынан аяғына дейін зырқыраған шананың дүбірі дәл біздің үйдің іргесінде жүргендей, жерді солқылдатып естіліп тұрды. Сол күні қанатты шанамен ылди, өрге бірдей зулата сырғанап жүрген Аян түсіме де кірді.

Сөйтіп, Аян бір қулық тауып алды. Енді ол күнде кешкісін бізге сол күні ойлап шығарған жаңа ертегісін тездетіп айтып бітіреді де, біреуіміздің шанамызды сұрап ап, түннің бір уағына дейін сырғанақта жападан-жалғыз ойнайды.

Бір күні күн бұлттанып, оңынан баяу ғана ызғырық жел соғып тұрды.

Қараңғылық ерте түскен. Біз де дағды бойынша, ауыл үйлері шам жаға бастаған кезде ат қораның төбесіне жинала қалдық. Аян бұл күні өте-мөте көңілді еді. Бәріміз жапа-тармағай ешкі сирақ шылымды орауға кіріскенбіз.

– Әй, мен сендерге бір қызық айтайын ба, – деді ол сүйінші сұрағандай қуанышты үнмен. – Мен бүгін таң алдында түсімде ағамды көрдім. Рас айтам. Түнде жатарда ағамның пальтосын басыма жастап, көпке дейін иісін иіскеп жатқам. Ағамның иісі сіңіп қапты. Бір түрлі жусанның иісі сияқты жақсы иіс. Мен бүйтіп жағасына мұрнымды тығып алдым да ұзақ-ұзақ иіскедім... Әжем ылғи: «ағанды анау Жусантөбенің үстінде, мал қайырам деп жүргенде, айдалада тапқанмын» дейтін... Менің ағамда жусанның иісі содан қалған... Сөйтіп жатып ұйықтап едім, түсіме кірді...

– Мен де ылғи көкемнің пальтосын жамылып жатамын. Менің көкемнің пальтосынан да жусанның иісі шығып тұрады – деді бір бала. Сөйткенше болған жоқ, тұс-тұстан жамырай дуылдап соғыста жүрген әкелеріміздің, ағаларымыздың үйде қалған киімдерін еске алып, олардан шығатын иісті сөз етіп кеттік. Және бір қызығы – көпшілігіміз ол иісті

жусанның – дәл өзіміздің ауылдың іргесіндегі жусанның иісіндей дестік.

Онан бір кезде Аян:

– Менен де жусанның иісі шығып тұрады, ағама тартқанмын.

Міне, иіскеп көріңдерші, – деп өз омырауына тұмсығын тықты. Біз дереу кезектесіп оның омырауын иіскеуге кірістік. Өзі айтқаннан ба, әлде шынымен солай ма, әйтеуір, Аяның омырауынан бұрқырап жусанның иісі шығып тұрғандай көрінді бізге.

15– Рас-ей, жусанның иісі шығады.

– Қандай сүйкімді-ей, жусанның иісі... – дестік бір ауыздан. Онан соң әрқайсымыз өз омырауымызға тұмсығымызды тығып, өзіміздің иісімізді өзіміз иіскеп, жаңалық ашқандай:

– Әй, менен де жусанның иісі шығады-ей.

– Менен де... Міне, иіскеп көрші... тура жаздыгүні Жусандытөбенің иісіндей... – десіп жан-жақтан шулап кеттік.

Сәлден кейін басқа сөздің бәрі тыйылып, Аян ертегі бастауға кірісер сәтте Есікбай тұрып:

– Бүгін түнде Аянға шанасын кезек бойынша Қосым беруі керек, – деді.

– Иә, саған, менің шаңам сынып тұр, – деді Қосым.

– Әй, осы әлгінде ғана сынған ештеңесі жоқ еді ғой.

– Сынып тұр... Түнде тебуге жарамайды. Керек болса өзің бер шаңаңды.

– Мен беріп жүрмін, ылғи беремін, ал сен неге бермейсің?

– Бермеймін со... – деп күңкілдеді Қосым. – Сынып тұр.

– Жарайды, қойыңдаршы, – деп сөзге Аян араласқан. Бірақ осы кезде Есікбай Қосымның бас киімін жұлып ап, лақтырып жіберді.

– Кет, тырнауық мысық, әйтпесе көресің, – деп кінжіді.

– Жарайды, қойшы-ей, Есікбай, – деген Аян тағы да басу айтып.

– Не қоятыны бар. Кетсін. Қане кет, – деп Есікбай мелшиіп отырған

Қосымды теуіп қалды.

Қосым жер-көкті басына көтере азан-қазан қып бақырып үйіне кетті.

Есікбайды сыбап боқтап:

– Қазір Тұржан ағама айтам, бәлем... – деп бара жатты.

Бұл күні Аян жалғыз көзді дәу туралы ертегісін бастады. Бұл оның бұрынғы ертегілерінен де әлдеқайда қызықты еді. Түнерген аспан, ат қораның іргесінен әрі қарай үңірейіп жатқан қорқынышты терең құз, бәр-бәрі күннің ерекше бір нұры құйылып жарқырағандай боп, басқа бір дүниеге – ертедегі күлкіге толы қызық дүниеге айналды.

«...– Біраз жер жүргеннен кейін жетім баланың қотыр тайына тіл бітіпті, – дейді Аян. – Қотыр тай тұрып оған: «Мынау алда тұрған асқар таудан күндіз құс ұшып өте алмайды, қанаты күнге күйіп қалады. Тек түнде ғана ұшып өтеді. Сондықтан да біз түнді күтуіміз керек. Түнде маған да қанат бітеді. Сен тек жығылып қалмай, көзіңді тарс жұмып, менің 16жалымнан мықтап ұстап отыр. Мен: «көзіңді аш!» дегенде бір-ақ аш. Сонда, мынау асқар таудың арғы жағында, мұнан гөрі аласа, шошайған қоңыр тау тұрады. Ол жалғыз көзді дәудің мекені», – дейді. Жетім бала қотыр тайдың айтқанын түгел орындайды. Түнде қотыр тайға қанат бітіп, асқар таудан ұшып өтеді... Бір кезде қотыр тай: «Енді көзіңді аш!» – дегенде, жетім бала көзін ашса, дәл алдында ақырын теңселе қозғалып шошайған қоңыр тау тұр екен...»

Осы тұста Аян көзі шарасынан шығып, бізді жаңа ғана көргендей бәрімізге бір-бір қарап өтті. Жалғыз көзді дәу естіп қоймасын дегендей даусын бәсеңдетіп сыбырлай сөйлейді. Біз болсақ шөп қуысына тығыла түсіп, төңірекке жалтақтай береміз. Түн қараңғылығында шошақ бөрікке ұсап қарауытып тұрған Ешкіөлмес шоқысы енді бірде жалғыз көзді әулие мекен еткен үңгір тауға ұқсап кетті. Дәл қазіргі сәтте сол үңгіртаудың ішінде жалғыз көзді дәу қорқырап ұйқыда жатқан секілді. Оның қорқырай алған демінен шошақ тау түндігін жел шайқаған киіз үйдей көтеріліп-

басылып желпілдеп, бірде ары-бері теңселіп, қозғалып тұрған сияқты көрінді. Демімізді ішімізге тартып, қараңғыда теңселгендей боп тұрған Ешкіөлмес шоқысына көз тігіп қарай беруге дәтіміз шыдамай Аяңға қараймыз. Қараңғыда бозарып көрінген жүдеу өңі сол өзі айтып отырған қиялдағы дүниені көріп отырғандай дірілдей шытынып, көзі жалт-жұлт етеді...

Ызғырық жел онан сайын суытып, қар ұшқындай бастады. Тұтасқан қап-қара аспан тұншықтыра салардай боп ауыл үстін тұмшалап тұр. Ит үрді. Тура жалғыз көзді дәудің иті құсап ұлып үрді. «Апыр-ай, жалғыз көзді дәу оянып кетер ме екен», – деп зәре-құтымыз қалмайды...

Өстіп ертегі қызығына беріліп отырғанымызда, шеттегі бір бала:

– Ойбай, өрт! – деді.

Шөптің арт жағын ала, ызғырық желдің өтінде лауылдап от жанып жатыр. Бұл ат қораның төбесі күзде ғана сабанмен жабылған.

Жанып жатқан сол сабан екен. Шетте отырған балалардың бірі шылымын сөндірмей лақтырып тастап, сабан содан тұтанса керек. Жел өтінде лезде лапылдап көтеріліп кетті. Не істерімізді білмей сасқалақтап, қорадан секіріп-секіріп түсіп, тым-тырақай қаша жөнелдік. Балалардың ең соңын ала секіріп түскен Аян:

– Ойбай, ая-ғым!.. – деп жан даусы шыға айқайлап жіберді де шоңқаң етіп жата кетті. Бірақ біздің оған қарайлайтындай шамамыз жоқ.

17Ауыл жақтан: «Аттан! Аттан!» – деп жер-көкті басына көтере айқайлап, шолақ қол бригадир Тұржан да жетті. Армия қатарынан жақында ғана қайтқан, сол қолын білегінен оқ жұлып кеткен, бірақ өзі аса қатыгез, мейірімсіз адам еді. Келген күні-ақ: «Қан көріп, қаным бұзылып келді...» – деп, үйіне жиналған қатын-қалаш, кемпір-шалдың зәресін алған. Бригадир боп тағайындалғаннан кейін, жұмсағанда тілін қайырған талай әйелдер мен жасөспірім балаларды, әлімжеттік етіп сабаған. Қазір сол Тұржан жүгіріп жеткен бойда, қораның артында төрт бүктеліп шырқырап жатқан Аяңды дәу

табан кирзі етігімен теуіп кеп жіберді. Аян қалпақша қалқып барып анадай жерге түскен. Тұржан енді оны қолындағы қамшымен тулақты сабағандай көміп-көміп алды да, тағы да тепті-ай кеп. Бас демей, көз демей ыылшылдатып тебе берді. Әуелде құлындағы даусы шығып шырқырап: «Ағатайлап» шыңғырған Аяның біраздан кейін үні өшті. Кирзі етіктің астында жансыз заттай илектеніп жата берді.

Ауылдағы жұрт дүркірей жиналып кеп, өртті сөндірді. Әлдекім келіп, былқ-сылқ етіп жатқан Аянды көтеріп алды. Қарт адамның даусы:

– Иттің баласы, пәшиске берген қолыңның құнын осы қаршадай жетім баладан алайын деп пе ең. Ой есіркі!.. – деп ақырды Тұржанған.

Біз, басқа балалар, осының бәрін алыстан бұта-бұтаның арасынан сығалап қарап тұрдық. Дір-дір етіп шетімізден жылап жіберуге шақ едік. Ел кеткен соң жасырынып, бұғып-бұғып үйді-үйімізге тарадық.

Үйге келсем, төсектер салулы, бірақ ешкім жатпапты. Атам екі көзі қанталап, терісіне сыймай тырсылдап ашулы отыр, апам көзін сығымдап жылап отыр. Не болды екен деп шошып, босағада тұрып қалдым.

– Әй, аузыңды ұрайын, жаман неме! – деді атам жекіріп. – Тұржанның тепкісін Аянмен бірге көрсең етті... Жаны тәтті шірік, көрінбе көзіме!..

Мен үн-түнсіз жер шұқылап босағада тұрдым-тұрдым да, мұнан өзге ештеңе айтылмаған соң, аяғымды, сырт киімімді шешіп, төрге өттім. Тамақ сұрап ішуге бата алмай, сыбдырсыз шешініп, төсегіме жаттым.

– Сорлы жетімнің көрген күні сол да... – деді бір кез анам ауыр күрсініп. – Қорғары жоқ болған соң басынғаны ғой.

– Е-е, бұл Әржанның баласы кісі өлтірер. Иттің сұры жаман, сұрынан шошимын... – деп қойды атам.

Таңертең ояна кетсем апам жаңа сауып әкелген сүтін құрсаулы бәнкеге құйып отыр екен. Менің оянғанымды көріп:

18– Тұра ғой. Мына жарты күрешкедей сүтті пешке қояйын, піскен соң іш. Ал мына сүтті әлгі Аянға апарып берейін. Байғұс бала, көкпеңбек

тұлыптай боп қозғала алмай жатқан көрінеді, – деді.

Киініп, жарты күрешке ыстық сүтті апыл-ғұпыл іше сап, Бапай шалдың үйіне мен де жеттім. Аян есік жақтағы темір пештің түбіне төселген құрым киіздің үстінде, кір-кір жұқа құрақ көрпе жамылып жатыр екен. Бір жамбастаған күйде қозғала алар емес. Қамшы мен тепкі тиген денесі көкпеңбек боп күлкілдеп ісіп кетіпті. Бет-аузы да ісіңкі. Көзі кішірейе жылтырап, жаутаңдап жатыр. Домбыға кезерген ернін жалап қояды. Мен оның жанына кеп отырдым. Ол да үнсіз, мен де үнсізбін, бір-бірімізге жалтақтап қарай береміз. Енді бірде апам мен жүн түтіп отырған Бапайдың кемпірінің сөзіне құлақ тостым.

– Байғұс баланың аяғын салдырдыңдар ма? – деп сұрайды апам.

– Жоға. Өлгі шал ертеден бері зыр жүгіріп сынық салатын адам таба алмады.

– Асылбек сынықшы бар емес пе?

– Жолаушы кетіпті ғой. – Сәл үнсіз отырған соң Бапайдың кемпірі Аянды кінәлай сөйледі. – Жүгермек-ай десеңші, өзіне де обал жоқ. Түн жарымынсыз бір қайтпайды ғой, елден ерекше осыны алып бара жатқан ненің ойыны екенін білмеймін, ойының осылғырдың... Ибай-ау... – деп мұнан арғы сөзін сыбырға айналдырып жібереді. – Осы үйдің көрпесін шірітіп... Есі кіріп қалса да...

Бапайдың кемпірі қанша сыбырлай айтса да соңғы сөздері бізге анық естілді. Қып-қызыл боп кеткен Аян тістене шытынып, басын бұрып әкетті. Іргеге қарап жатты.

– Үйбай, белім-ай, көп отырып қаппын ғой, үйге кетейін, – деп менің апам орнынан тұрды. – Аян тәуір болғанша күнделікті бір күрешке сүтті бізден алып тұрыңдар.

Бапайдың кемпірі апаммен ілесе сыртқа шықты.

– Қосымды соғу керек, – дедім мен оңаша қалған соң. Аян теріс қарап жатқан күйде:

– Ендігері өлсем де темекі тартпаспын, – деді.

– Тұржан жаман адам, қаны бұзылған.

Бұл сөзіме Аян жауап берген жоқ. Әлден уақытта басын көтеріңкіреп маған:

19– Анау пальтоны әперші, – деді ілулі тұрған қара пальтоны нұсқап.

Мен осы үйдегі жалғыз орындыққа шығып пальтоны алып оның алдына әкелдім. Аян басын жастықтан әзер деп көтеріп, екі қолы дірілдеп пальтоның жағасына тұмсығын тығып жіберіп құшырлана иіскеп-иіскеп алды да:

– Тез іліп қой, әйтпесе ұрсады, – деді.

Онан соң шалқасынан түсіп көзі бажырайып, кірпік қақпастан үйдің төбесіне тесірейе қарап ұзақ жатты. Қалың ойда жатқан сияқты. Өңі сұрланып, дірілдей дем алады. Ап-арық, шырпының жіңішкелігіндей қолымен домбыққан ісіктерін сипады. Бір кезде ғана:

– Ағам келеді ғой жақында әлі. Сонда көрсетеді Тұржанға, – деді.

Он шақты күннен кейін Аян төсектен тұрып жүре бастады. Тобығы тайған аяғын жер сыпырғандай көлденеңінен сүйретіп солтақтап басатын болды. Мен оған:

– Асылбек шал келді ғой, аяғыңды салғызбайсың ба? – дегем.

– Ауырады ғой енді, – деді ол жабырқаған кескінмен. – Ой, сен білмейсің ғой, тобығыңды қайта салғызғандай қалай ауыратынын. Сұмдық... ауырады...

Енді ол күнде кешке қарай сырғанақтың басына кеп ойын тарқағанша қалқиып тұрады да қояды. Ойынға араласпайды. Бір-екі рет мен де, Садық та шанамызды бергенбіз, басын шайқып теппей қойды:

– Аяғым ауырады, – деді.

4

Кей күні ойыннан кейін мен кешкі тамақты ішіп ап, Бапайдың үйіне баратынмын. Мен келгенде Аян ылғи темір пештің аузында от жағып

отырады. Ол кезде – соғыс жылдарында біздің ауыл отынға сабан жағатын...

Малатаспен бастырған астықтың сабаны орған қамыс сияқты ірі болады, арасында шала бастырылған, кейде тіпті мұрты сетінемеген масақтар жиі кездесуші еді. Отқа жанғанда сабан дүр-дүр етіп лауылдап, ал масақтар бытырлап кететін. Аян от жағып отырып, білдіртпей ғана сол масақтарды жинайды. Лауылдап жатқан сабанның арасы бытыр-бытыр ете қалғанда, Аян қолын отқа тығып жіберіп, шала пісіп қалған күйелеш масақты лып дегізіп суырып алатын.

20 Мен есікті ашқанда-ақ Аян жүзі жайнап қуанып кетуші еді. Былай шық деп, дауыстап айтуға кемпір-шалдан бата алмай олар жаққа жаутаңдап қарап қойып, темір пештің түбіндегі өз орны – қара құрым киіз төселген қуысты меңзейтін. Мен қуысқа кіріп ап, олар кешкі шайларын ішіп болғанша Аянды күтіп отырам. Бапайдың кемпірі шалы екеуіне ғана майға бөктіріп талқан шылайды да, «сенің тісің бар ғой» деп Аяның алдына бір уыс қуырған бидай төгеді. Міне, Аяның кешкі қорегі осы. Ол үн-түнсіз қытырлатып отырып алдындағы бір уыс бидай біткенше шай ішеді де, онан соң шынысын төңкеріп қуысқа келеді. Келе бірден сыбырлай сөйлеп: – Ертегі тыңдайсың ба? – деп алады да, менің бас изеуімді күтпестен-ақ: – Баяғыда бір жетім бала бопты... – деп бастай жөнеледі.

Бір тәуірі Бапай да, оның кемпірі де біздің сөзімізге құлақ салмайтын.

Майға шылаған талқанды көсіте асап, ыстық шайға бойы бусанған қарт, қолтығындағы жастығын мыжғылай түсіп, рақаттана кекіріп қоятын да:

– Енелеріңді ұрайын, осы екеуінің-ақ сыбыр-күбірі бітпейді екен, ә.

Қыз алып қашқалы ақылдасып жүргеннен саусыңдар ма-ей? – деп әзілдейді.

Кемпірі болса қабағын кіржитіп:

– И-и, жаман ит үрегеш келеді-деп, мына біздің ұл мылжың көрінеді ғой, – дейді.

Екеуі де осымен тынады. Жатарында кемпір: «майы таусылады», – деп өзі сығырайып тұрған жетілік шамның білтесін онан әрмен сығырайтып

тастайды. Мұнан кейін біздің бар- жоғымызды естеріне де алмастан екеуі екі жақтың тәтті қорылға басатын.

Олар ұйықтасымен-ақ Аян әлгінде ышқырына тыққан күйелеш масақтарды алып, үгіп-үгіп аузына құятын.

– Жеп көрші, тәтті, – деп бір-екі масақты маған да ұстататын. Үгіп-үгіп шала піскен дәнді мен де аузыма құямын, бірақ шикі дәмі білініп тұрғандықтан жұта алмай, шайнап-шайнап түкіріп тастайтынмын.

Кейде мен үйден нан алып келетінмін. Аян нанды көргенде, көзі отша жанып, екі ұртына кезек бұралай тығып, қақалып қала жаздайтын. «Тағы да бар ма? Тағы да?..» – деп менің қалтамның түбіндегі қоқымға дейін қағып, дегбірі қалаушы еді.

Бір күні балалар екіге бөлініп қар атқыласып ойнамақ болдық.

Ортамыздан екі атаман сайлап, қалғандарымыз екі-екіден жұптасып, әлгі екі атаманның қарауына тең бөліне бастадық. Бұл ойынға Аяның да 21қатысқысы келген. Бірақ екі атаманның екеуі де оны өз топтарына алудан бас тартты.

– Ой, қой, сен жүгіре алмайсың шойтандап, – деді олар. Аян үшін мұнан ауыр жаза жоқ еді. Ол көзі жасаурап, ақсақ аяғын сүйреткен күйде екі иіні салбырап кете барды. Мен шыдай алмай оның соңынан жүгірдім.

Аян жылап келеді екен. Екеуіміз қатарласып үнсіз жүре бердік. Дәл Асылбек шалдың үйінің тұсына жеткенде, көз жасын алақанымен қатты уқалап сүртті де, әлгі үйге бұрылды. Мен де ердім. Асылбек шал мал қорасының ішін тазалап жүр екен.

– Иә, неге келдіңдер, балалар? – деді анадайдан дауыстап.

– Ата, аяғымды салып берші, – деді Аян.

Асылбек таяп кеп оның аяғына қарады.

– Салып берің қалай-ей. Мына аяғың қисық боп бітіп, жазылып кеткенге ұқсайды ғой. Енді оны қайта орнына салу оңай емес. Ауырғанына шыдар ма екенсің.

– Шыдаймын, ата, салып беріңізші...

Аянның даусы дірілдеп жалынышты шықты. Енді сіл болса еңіреп жылап жіберуге шақ тұр.

– Апыр-ай, ә, жарайды, салып берейін қарағым. Үйге кіре бер. Әй, кемпір, мына жиен балаға тамақ берші, әлденіп алсын!

Біз үйге кірдік. Асылбектің кемпірі бізді төрге отырғызып баурсақ пен айран әкеп берді. Сәлден кейін жуынып-шайынып Асылбектің өзі де кірді.

Сырт киімін шешініп, кемпіріне көрпе салғызып, әлгінің үстіне Аянды жатқызды.

Онан соң қойдың құйрық майымен Аянның тобығы тайған аяғын сылауға кірісті. Ұзақ сылады. Өзі де тынымсыз сөйлеп, Аяннан да әр нәрсені бір сұрап үнемі сөйлетумен болды. Бір кез Аян:

– Ойбай! – деп баж ете түскен, Асылбек:

– Шыда, балам, шыда... – деп оның бұлқынғанына қарамастан тырп еткізбеді. Аян құлындағы даусы шығып, ойбайлап жатты да, Асылбек оның аяғын уқалап, сылай берді. Онан соң кемпірі әкелген шүберекпен әдемілеп таңып тастады да:

– Ал болды, тобығыңды енді шығарып алма... – деді.

Бірақ, амал не, Аян мұнан кейін де тобығын тайдырып алды. Ол – көктем кезінде еді. Көктем шыға колхоз жұмысына біз де араласқанбыз.

Ортасына сым темір салып өртеген бір-бір дойыр қамшыны қолымызға 22алып, өгіз жеккен соқаның басына міндік. Жесір әйелдер мен бой жеткен қыздар соқаның артын ұстайды. Арайланып таң білінгеннен бастап ымырт қараңғысына дейін жер жыртамыз. Жер құйқасы майға бөккендей туырылып жатады. Соқа тісі сәл тереңдесе бөкпе топырақ қалыңдап, өгіздер мықшиып тұрып қалады. Ала қыстай шөп тарту, тұқым тартумен титықтап шыққан арық өгіздердің аузынан сілекей шұбырып, аяқтарын шалыс басып күн ұзын соқа тартуға дәрмендері зорға жетеді. Онда да арқасын қайыстырған қамшының күшімен жетеді. Өгіз біткеннің сауыры қызыл ала

қан, арқасы шоқпыт-шоқпыт жауыр болатын. Ертеден кешке дейін өгіз үстінде жұлынып «цоп, цобелей» бергеннен тамағымыз жыртыла ауырып, дойыр қамшы қарамызды талдырып, біз де әбден титықтайтынбыз.

Таңдайымыз кеуіп, қаңырығымыз түтеп, қарнымыз ашып, қамшы сілтеуге әліміз құрып, бас айналып, көз қарауытып, қалғып-мүлги бастаған кезімізде соқа ұстаған әйел баяу үнмен:

– Әй, ұл, айдасаңшы өгізінді, – дейді. Бойындағы бар күшінді жиып, қамшыны құлаштай сілтейсің. Арық өгіздер арқаларын құр қайқаңдатып қыржындағаны болмаса, жүрісіне жүріс қоса қоймайды. Ақырында өзіңнің қолың ауырып сырқырап кетеді. Сондайда өгізден домалап түсіп жер тепкілеп жылағың келеді. Сенің сол мүшкіл халінді сезгендей соқа артындағы әйел өзі кеп қолыңдағы қамшыны ала сап, өгіздерді шықпыртып-шықпыртып жібереді де:

– Жығылып қалма, – деп қояды. Шама шарқыңның сол екенін ұғады ғой, жақсы ұғады. Әлден уақытта әйелдердің бірі қалжырай шыққан зарлы үнмен сызылтып қана:

Көкше бір таудың биігі-ай.

Алыстағы бауырдан хат алудың қиыны-ай, – деп ән салады. Ән емес-ау, жүректегі ауыр шердің лықсып шыққан бір күрсінісі сияқты. Әнге екінші соқадағы әйел, онан үшінші соқадағы бойжеткен қыз қосылады.

Үшеуі де зарлатады-ау кеп. Үшеуінің көзінен де жас парлайды. Біз өгіз үстіндегі балалар көзімізге мөлт-мөлт етіп жас үйіріліп, тамағымызға өксік тығылып, бас көтере алмаймыз. Әйелдерге қосылып жылауға «еркектік» намысымыз жәбермейді. Өйткені алғаш соқаға шыққан күні Аян:

– Жылауды өркім біледі. Мықты болсаң нағыз еркектерше қиыншылықта жыламай бақ, – деген. Сондықтан «жасық екенімізді» білдірмеуге тырысамыз.

23Кешкісін жерден қазылған баракқа келеміз. Іші ұп-ұзын қап-қараңғы, үңгір сияқты. Астына сабан төселген. Жалғыз май шамның өлеусіреген

жарығында, не ішіп, не жегенімізді ажыратпастан, талқаннан жасалған атала көже сияқты бірдеңені қалғып-мүлгіп отырып ішеміз. Онан соң киімімізбен отырған орнымызда қатар-қатар сұлай кетеміз. Өне бойың салдырап қозғала алмайсың. Қанша ұйықтағаның белгісіз әлдебір уақытта Тұржанның: – Әй, жетпегірлер, тұрындар! – деп ақырғанын естисің. Қозғалуға шамаң жоқ, өне бойың езіліп көзіңді аша алмайсың. Сол кезде Тұржан әрқайсымызды әке-шешеден түк қалдырмай сыбап, сирағымыздан дырылдата сүйреп, барактың аузынан сыртқа қарай атып жібереді... Тағы да арқасы пышақтың қырындай, өзі жауыр өгіздің үстіне жарбия жабысасың. Тағы да жақ жаппастан, «цоп, цобелеп», қарың үзілердей боп тынымсыз қамшылау... Түске жақын өзегің талып, әлің кетіп, қалғи бастайсың. Кейде өгіздің үстінен домалап түскеніңді де білмейсің. Бусанып жатқан қара парға бұрқ ете қаласың. Көзіңді уқалап атып тұрып, соқа ұстаған әйелдің көмегімен өгіздің арқасына қайта жарбиясың. Осылайша күніне әрқайсымыз өгізден екі-үш реттен домалаушы едік...

Аяның тобығы осындай бір өгізден домалап тұскен кезінде тағы тайды. Ол қара парға бұрқ еткен күйде... «Аяғым-ай!» – деп баж етті де бүктеліп жатып қалды. Жүгіріп-жүгіріп жанына бардық. Ол жыламауға тырысып тістеніп, көзін жұмып, көкпеңбек боп сазарып жатты. Аяғындағы көннен тігілген шоқайын шешпек боп едік, қинала ыңырсып, онан «ағатайлап» бебеу қақты. Көтеріп баракқа алып бардық. Ауылға апаруға көлік болмады.

Сол түні денесі қызып, таң атқанша сандырақтап сөйлеп шықты.

Ертеңгісін біз жұмысқа кетерде ғана көзін ашты. Мен басқалардан жырылып бір сәтке оның жанында қалдым. Өзімше ақыл айтпақ едім оған. Сөзді неден бастарымды білмей қипақтап отырғанымда, ол өзі бастады.

– Ой, кеше аяғым қатты ауырды, – деді дірілдеген үнмен. – Тура өлгім-ақ кеп еді, тағы ағамды ойлап қана тоқтадым...

Онан соң біраз үнсіз жатты, түймесі ағытылған күртесінің омырауына

тұмсығын тықты.

– Қарашы, жусанның иісі... – деп қойды. – Енді аяғымды ағам келгенде бір-ақ салғызам. Ағам қалаға апарып, ендігәрі шықпастай етіп салғызарды, әлі...

24 Ол тәтті ойға шомған күйде, ағасы келген соң не істеп, не қоятынын тегіс тізбелеп айтып шықты. Оның сөзіне қарап мен ағасының жуықтағы күндердің бірінде қайтатынына титтей де шәк келтіргем жоқ.

– Сағындым ағамды, – деді ақыры күрсініп.

Мен жұмысыма кеттім. Күні бойы өгіз үстіндегі жалғыз тілеуім:

«Шіркін-ай, Аяның ағасы тезірек қайтса екен» – деу болды.

Аян баракта төрт күн жатып қалды. Тек бесінші күні кешкісін ғана тұқым тартқан арбамен ауылға жібердік. Осыдан кейін Аян тобығын қайтып орнына салдарған жоқ. Сол аяғын көлденеңінен сүйрете басып жүретін болды...

Қу соғыстың бесіктен беліміз шықпай жатқанда-ақ біздің жүрегімізге салған жарасы қаншама еді. Сол жараның тыртығы өмір бойы удай сыздап, жанға батып өтер-ау. Еш уақыт ұмытылмас. Асыр салар балғын шағымызда таңдыр біздің қабырғамызға да бар зілін салды ғой. Сонда да болса басқамыздан гөрі Аянға қатты батып еді. Тағдыр оған дегенде ештеңесін аямады.

Үлкендер «жау шегінді» десіп, күн сайын бір қуанышты хабар айтып жүрді. Мұның өзі біз үшін «ертең соғыс бітеді» дегенмен бірдей еді.

Іскерден біртіндеп ер-азаматтар қайта бастады. Бәрі жаралы боп қайтқандар: бірі қолынан, бірі аяғынан, бірі қабырғасынан, бірі көзінен айрылғандар.

Бірақ, сөйтіп, жарымжан боп қайтса да олардың әрқайсысының келуі ауыл үшін үлкен мереке еді. Солардың бірде-бірі Тұржанға ұқсап: «Қан керіп қайттым, қаным бұзылды», – деп есірген жоқ.

... Қаралы қағаздар да келіп жатты.

Жаз ортасы. Аңызға жел ұйтқи соққан ыстық күннің бірінде біздің

ауылға тағы бір қаралы қағаз келді. Бұл жолғы қаралы қағаз ешкімнің үйінен зарлы жоқтау айтатын дауыс шығарған жоқ. Бұл жолғы қаралы қағаз, көшеде ойнап жүрген балалардың ең соңында, белі бос штанының ауын бір қолымен көтере ұстап, сол аяғын көлденеңінен солтақтай жүгірген күйде: «Ей, тоқтаңдаршы, мен сендерге кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деп жалына дауыстай жүгірген Аянға келген еді. Ол үнсіз қабылдады. Қаралы қағазды ұзақ отырып екі-үш рет ежіктеп оқыды да, төрт бүктеп ышқыр қалтасына тықты. Онан соң ойнап жүрген балалардың жанына кеп, әдетінше алыс-жұлысты сырттай қарап қызықтап тұрды. Тек балалар үйді-үйіне тараған кезде, ол ауылдың шетіндегі ат қораға барып кірді. Соңынан мен де бардым.

25Сары су іркілген ат қораның іші тұншығардай қапас, тымырсық еді.

Тастай қараңғы. Төбесіне ұя салған торғайлардың, олардың шырылдаған қызыл шақа балапандарының үні құлақты тұндырады. Құжынаған шыбындардың ызыңы бір басқа. Қараңғылыққа көзім үйренгенше есік алдында тұрдым да, онан соң қабырғаны жағалап түкпірге қарай жүре бастадым. Аяқ асты сазданып басқан сайын шұрқ-шұрқ етеді. Түкпірге де жеттім. Аян қараңғы бұрышта бір уыс боп бүрісіп, екі алақанымен бетін басып солқылдап жылап отыр екен. Ұзақ жылады. Онан соң көзін сүртті де қорадан шықты. Сыртқа шыққан соң көрдім, көзі қып-қызыл боп кетіпті.

Маған қарады да өз-өзінен жымыып күлді.

– Күн ыстық, ә, – деді.

Осыдан кейін бір жеті өткен соң, ертеңгісін он шақты қозы-лақты тауға қарай өргізіп жіберіп, қайтар жолда Бапайдың есігінің алдында тұрған арбаға көзім түсті. Бірсыпыра балалар осы арада екен. Аян жолға жүретін адамдай бар-жоғын киініп апты. Мен таяп келгенде шеттеу тұрған Есікбай сыбырлап қана:

– Аян балалар үйіне кеткелі жатыр, – деді.

Осы кезде үйлерінен арба айдаушы жігіт және Бапай мен кемпірі

шықты. Бапай арба айдаушыға Аянды станцияға дейін аманат қып тапсырғанын қайта-қайта айта береді. Ал кемпірі кеп Аянның бетінен сүйді, көзіне жас алды.

– Қарағым, жолың болсын, – деді жыламсырап. – Жақсыдан қалған тұяқ ең, қайда жүрсең аман бол. Адам болсаң тауып келерсің әлі...

Бапай да кеп Аянның бетінен сүйді.

– Аман-есен барып орналасқан соң хат жаз, – деп қойды.

– Алатын адам болмай тұр, мына қоңыр сиырды дереу сатып ақшасын қалтаңа салып берер еме. Кейін қолым тисе, базарға айдап барып сатып, ақшасын салып жіберем ғой...

– Е, қойшы әрі, сен де осы, не болса соны айтпай. Сатқаны несі. Ертең ер жетіп келе қалғанда мал керек емес пе Аянға... – деп киіп кетті осы тұста кемпірі. – Қарағым, бұ алжыған атаңның сөзін тыңдама. Әлі өзің кейін үлкен жігіт боп келгенінде қоңыр сиырыңда өсімімен қолыңа тапсырамын... Аян балалардың бәрімен қол алысып қоштасты.

– Мен әлі бәріңе хат жазып тұрамын, – деді күлімсіреп. Есікбай арбаның артына жабысып ап, оны талай жерге дейін шығарып салды.

26Арбадан түсіп қап, қара жолдың үстінде сексиіп ұзақ тұрды. Қайта келгенінде өте көңілсіз еді. Садық ойнайық деп еді, ол:

– Менің басым ауырып тұр, – деп үйіне кетті.

Сол сәтте бәріміздің де ойынға еш зауқымыз жоқ, көңілсіз едік. Көз ұшында бұлдырап арба кетіп барады. Қара жолдың шаңын бұрқылдатып барады. Аян бас киімін алып бізге бұлғап қояды...

Біз, балалар, Аянды көп уақытқа дейін еске алып, сөз қылушы едік.

Кейде кешкілік бір жерге жиналып ап, ала қыстай Аян айтқан ертегілердің

есте қалғандарын қайталай айтып та жүрдік. Аянның ертегілерінің

көңілімізде ұялағаны сонша, кейін ер жеткен кездерімізде өзімізден кіші

балаларды тамсандыра отырып айтатынбыз. Тіпті күні бүгінге дейін, сонан

бері талай ондаған жылдар өтсе де, кей күні түнде далаға шыға қалсам,

қараңғыда бөрікше шошайған Ешкіөлмес шоқысы – астында жалғыз көзді дәу ұйықтап жатқандай, соның қорқыраған демінен теңселіп тұрғандай көрінеді. Сол дәумен алысатын жетім бала қайда екен деймін, сол сәт. Жазға салым Жусандытөбе жақтан қоңыр салқын самал еседі. Ашқылтым иіс аңқиды. Жусанның иісі. Сондайда есіме тағы Аян түседі.

Шынында да бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ондай бала алдына нендей мұрат қойса да жетеді. Ал тірі болса Жусандытөбеге бір оралмауы қалай?! Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой.